



Содержание – Мазмұны

<p>Редакционная коллегия журнала «Al-Farabi.kz»</p> <p>Мутанов Г.М., ректор КазНУ им. аль-Фараби, главный редактор</p> <p>Буркинтаев М.М., первый проректор, зам. главного редактора</p> <p>Хикметов А.К., проректор по учебной работе</p> <p>Малаев Х.А., проректор по административно-хозяйственной работе</p> <p>Рамазанов Т.С., проректор по научно-инновационной деятельности</p> <p>Джаманбаева Ш.Е., проректор по социальному развитию</p> <p>Дюсебаев Д.К., директор Департамента имиджевой политики и связи с общественностью</p> <p>Башарова К.К., директор РНПЦ «Дарын»</p> <p>Шимашева Р.С., начальник Управления образования г. Алматы</p> <p>Мелеуек С.М., декан факультета журналистики</p> <p>Байдельдинов Д.Л., декан юридического факультета</p> <p>Давлетов А.Е., декан физико-технического факультета</p> <p>Палгоре Б.М., декан факультета востоковедения</p> <p>Сагиева Р.К., декан факультета Высшей школы экономики и бизнеса</p> <p>Жаппасов Ж.Е., декан факультета довузовского образования</p> <p>Жакебаев Д.Б., декан механико-математического факультета</p> <p>Абдиманов О.А., декан факультета филологии и мировых языков</p> <p>Масалимова А.Р., декан факультета философии и политологии</p> <p>Тасибеков Х.С., декан факультета химии и химической технологии</p> <p>Сальников В.Г., декан факультета географии и природопользования</p> <p>Ногайбаева М.С., декан факультета истории, археологии и этнологии</p> <p>Заядан Б.К., декан факультета биологии и биотехнологии</p> <p>Айдарбаев С.Ж., декан факультета международных отношений</p> <p>Калматаева Ж.А., декан медицинского факультета</p> <p>Асан А.Т., директор издательского дома «Казак университети»</p> <p>Калиакпар Д.К., начальник службы по связям с общественностью и организациями</p> <p>Тукеев У.А., декан факультета информационных технологий</p>	<p>Новости КазНУ</p> <p><i>Құдайбергенов С.Е., Исмағамбетова З.Н.</i></p> <p>Ер елінің қорғаны..... 2</p> <p><i>Қазырет Бердіхан</i></p> <p>Жастар жылы – жаңа мүмкіндіктің жылы 4</p> <p><i>Adilkhanova Zh., Sandykbayeva U., Ussembekova A.E.</i></p> <p>The golden roots of our education is at our university 6</p> <p><i>Калибек М.Р., Акбаева Д.Н.</i></p> <p>Научное студенческое общество КазНУ им. аль-Фараби 8</p> <p><i>Досжанов О.М.</i></p> <p>Студенттер үйіндегі жақсы бастамалар 11</p> <p><i>Усенбекова А.Е., Тойганбекова М.Ш.</i></p> <p>ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті – түлектерімен қоштасуда..... 12</p> <p><i>Kaliyeva A.Zh.</i></p> <p>Welcome, spring! 14</p> <p><i>Айтқожаев А.З., Нурмуханова А.З., Тұрсын Д.К.</i></p> <p>XV Халықаралық Жәутікөв атындағы олимпиадасы 16</p> <p>Школа умов</p> <p><i>Даниярова А.Б., Балтаева А.О., Арынова Г.А.</i></p> <p>Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2019 жылға стратегиясы..... 19</p> <p><i>Сариева А.К.</i></p> <p>Физика есептерін шығаруда математикалық білімді қолданудың әдістемесін 23</p> <p><i>Кузиева Г.Д., Арынова Г.А., Адилова М.Т.</i></p> <p>АИТВ-ның қоғамдағы әлеуметтік аспектілері 27</p> <p><i>Оспанова А.К., Савденбекова Б.Е.</i></p> <p>Что такое вещество и состояние вещества 30</p> <p><i>Болегенова С.А., Әбдірәсіл С.Ж.</i></p> <p>Методические особенности обучения решению качественных задач при углубленном изучении физики 33</p> <p><i>Toiganvekova M.S., Sandykbayeva U.D., Ussembekova A.E.,</i></p> <p>Innovative methods of teaching Kazakh language in multilingual environment 37</p> <p><i>Болегенова С.А., Ізкен А.Е.</i></p> <p>Компетентностный подход в обучении физики при изучении молекулярно-кинетической теории 40</p> <p>Наследие</p> <p><i>Бағашаров Қ.</i></p> <p>Исламда хикмет ұғымының мәні..... 45</p> <p><i>Нұрғалиева Г.К., Джакишева У.К.</i></p> <p>КазНУ имени аль-Фараби – лидер высшего образования Казахстана..... 47</p> <p><i>Шапаева Г.К., Шапаева М.Ә.</i></p> <p>Қазақстанда алғаш қурылған қоғамдық ұйымдар тарихынан 49</p> <p><i>Туманова А.Б., Абаева Ж.С.</i></p> <p>Памяти Надежды Ивановны Гайнуллиной..... 54</p> <p><i>Туманова А.Б., Абаева Ж.С.</i></p> <p>Памяти профессора Ким (Ли) Галины Васильевны 56</p> <p><i>Наралыева Р.Т., Тойганбекова М.Ш., Досанов Б.И.</i></p> <p>ҚазҰУ ардагер ұстаздарын ардақтайды..... 58</p> <p><i>Аубакирова Ж., Айтбембетова А.</i></p> <p>О преподавании экономических дисциплин в магистратуре 61</p> <p><i>Moldasan K.Sh.</i></p> <p>The essence of humane education in the poem «The Precious Knowledge» 65</p> <p><i>Есекеева А.А., Шуланбекова Г.Қ.</i></p> <p>Сұлтан Сартаяв ұлы галым 68</p> <p>Моя будущая профессия</p> <p><i>Әрінова Б.А.</i></p> <p>Әлеуметтік педагог мен психолог-педагогтің педагогикалық тәжірибесінің кәсібилік бағыттары 69</p> <p><i>Бегалиева А.К., Хайруллаева В.Х., Бегалиев Д.Қ.</i></p> <p>Білім – адам капиталын анықтайтын элемент 71</p> <p><i>Усипбекова Е.Ж., Сейлханова Г.А., Иманалиева А.Н.</i></p> <p>Студенттерге «Шыны және ситаллдар» пәнін оқытудағы негізгі ерекшеліктер... 74</p> <p>Страничка ЮМОРА 76</p>
--	---

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №12280-Ж г. Астана, 2.02.2012 г.

AL-FARABI.kz

№ 1/2019

ИБ №12672

Подписано в печать 20.03.2019. Формат 70x100 1/16.
Печать цифровая. Объем 4,8 п.л. Тираж 50 экз. Заказ №1501.
Издательский дом «Қазақ университети»
Казахского национального университета им. аль-Фараби. 050040,
г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.
Отпечатано в типографии издательского дома
«Қазақ университети».



Бегалиева А.Қ.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы

Хайруллаева В.Х.,

Нархоз университетінің доценті

Бегалиев Д.Қ.,

Шарын орта мектебінің мұғалімі

БІЛІМ – АДАМ КАПИТАЛЫН АНЫҚТАЙТЫН ЭЛЕМЕНТ

Білім – тоқтаусыз, толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімін адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсіну лазым. Бұл – әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, тұлғалылығы қалыптасады.

Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайтындығы туралы көптеген ғұламалар айтып кеткен. Кімдекім оған қол жеткізгісі келсе, әрекет етуі, ақыл-парасатын, қарым-қабілетін жұмсауы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, кез келген білім, ол – өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы, оған деген өзінің сенімдерін қалыптастыру арқылы көрінеді де, өз білімін көтеруге негіз болады [1].

ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақта жоғары технологиялық және ғылыми тартымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауындағы «Адами капитал – жаңғыру негізі» тарауында білім беру мәселесі кеңінен көрініс тапқан [2].

Адами капитал деген не? Әдетте, капитал десе ойымызға қаржы, байлық, ақша, құн, мұнай, газ, алтын мағынасында түсінік келеді. Ал бүгінгі күні адам капиталы дегеніміз – адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы.

«Адам капиталы» терминінің өзі алғаш рет Нобель сыйлығының иегерлері, америкалық макроэкономистер Теодор Шульц пен Гарри Беккердің ХХ ғасырдың 80-жылдарындағы еңбектерінде пайда болды. Т. Шульц нашар дамыған елдердің қиын жағдайын зерттей келе, кедей адамдардың әлауқатын жақсарту жерге, техника немесе олардың күш-жігер жұмсауына емес, бәрінен де білімге байланысты деген қорытындыға келді [3]. Ол экономиканың мұндай сапалық қырын адам капиталы деп атады. Г. Беккерге келетін болсақ, ол адам капиталының теориялық моделін жасап және осы мәселе бойынша «Адам капиталы» кітабын жарыққа шығарды. Адам капиталы – еңбек ресурсын жақсарту үшін жасалған инвестиция.



Қазақстанның ең басты байлығы – адам капиталы. Бүгінде халқымыздың 100 пайызы білімді деп айта аламыз. Сол себептен де осы 26 жыл ішінде Қазақстан елеулі табыстарға қол жеткізді.

Адам капиталы туралы ой қозғағанда әуелі білім ойға оралады. 1991-2015 жылдар аралығында елімізде 1579 орта білім беру мекемесі жаңадан салынды. 2005 жылмен салыстырғанда, мектептердегі мультимедиялық кабинеттің саны 789-дан 2861-ға өсті. Сонымен қатар елімізде 20 Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды. Одан басқа, ұстаздардың сапалық құрамы да өзгерді. Мектептерде IT технологиялар қарқынды дамуда. Егер 2001 жылы 62 оқушыға 1 компьютерден келсе, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 1,8 құрайды. Сондай-ақ, оларды интернет желісіне қосу да оң жолын тапқан. Ал 1991 жылы жоғары білімі бар ұстаздардың саны республика бойынша 66 пайыз болса, қазіргі кезде олардың саны 91 пайызға жетті. Мұның бәрі білім сапасына, оның ішінде адами капиталын дамытуға қосқан үлес деп айтуға болады.

Сол сияқты кәсіптік техникалық білім беру саласы да назардан тыс қалған жоқ. 1991 жылы колледждің саны 114 болса, қазіргі кезде 807 колледж бар. Соның 43 пайызы – жекеменшік.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауындағы «Адами капитал – жаңғыру негізі» бөлімінде: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше

оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет. Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты» деп атап өтті.

Мектептерде IT технологиялар қарқынды дамуда. Егер 2001 жылы 62 оқушыға 1 компьютерден келсе, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 1,8 құрайды. Сондай-ақ, оларды интернет желісіне қосу да оң жолын тапқан. Ал 1991 жылы жоғары білімі бар ұстаздардың саны республика бойынша 66 пайыз болса, қазіргі кезде олардың саны 91 пайызға жетті. Мұның бәрі білім сапасына, оның ішінде адами капиталын дамытуға қосқан үлес деп айтуға болады.

Елбасы «Егемен Қазақстан» газетінің бетіне жария еткен мақаласын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырған. Онда ұлы даланың жеті қырын: «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Атқа міну мәдениеті», «Ұлы даладағы ежелгі металлургия», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны», «Аң стилі» деп бөлінген.

Атқа міну, жылқыны қолға үйрету сынды дәстүрлер ең алғаш қазақ халқында пайда болған. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы. Осы қазақ жерінде өмір сүрген түркі



тілдес тайпалары ойлап тапқан қылыш, айбалта, найза – технологиялық жаналық екені белгілі. Еліміз сан алуан металл кендеріне бай. Ата-бабаларымыз берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Алтын мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «Аң стилі» өнері. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес. 1969 жылы Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» хал-

қымыздың алтын өндеу техникасын жақсы менгергенін көрсететін бірден-бір дәлел. Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысын, Солтүстігі мен Оңтүстігін байланыстырушы желісі – «Ұлы Жібек жолы». Елбасының мақаласы бойынша дайындалатын шаралар патриоттық сезімдерін күшейтуге септігін тигізді.

«Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» [4]. Міне, осылай басталатын мақаладан біздің тарих, мәдениет, ата-баба өсиеті ерекше көрініс тапқан.

Әдебиеттер:

1. Колесов В.П. Человеческое развитие: новое измерение социально-экономического прогресса. – М., 2008.
2. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы.
3. Корицкий А.В. Введение в теорию человеческого капитала. – Новосибирск, 2000.
4. Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. 2018.21.11.